

№2 бұйрық
(көшірме)

2023 жылғы 09 қаңтар

«Алматы облысы білім басқармасының
Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

Құқық бұзушылықтың
алдын алу туралы

Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы 09 қаңтардағы №2-н бұйрығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:


1. 2022-2023 оқу жылында «Менің құқығым-менің таңдауым» тақырыбында арнайы іс-шаралар жоспары құрылсын.
 2. 09-19қаңтар аралығында мектепілілік құқық апталығы өткізілсін.
 3. Мектеп психологы А.Жолдыбай мен Б.Қыдырбайдың психологиялық білім беру қызметтерінің бағыттары бойынша жұмыс түрлері күшейтілсін.
 4. «Бопсалау», «Зорлық - зомбылық» фактілерінің алдын алу, бойынша ата-аналарға, оқушыларға арнайы ювеналды полиция тобының инспекторларының қатысуымен кездесулер ұйымдастырылып сынып сағаттары өткізілсін.
 5. Сабақтан бос уақытында оқушылардың діни бірлестіктерде болуын бақылау мақсатында құқық қорғау ұйымдары мамандарымен рейдтер жүргізілсін.
 6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Балабайға жүктелсін.
 7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
- Негізі: аудандық білім бөлімінің бұйрығы.

Мектеп директоры  Кембебаева

Бекітемін
Мектеп директоры
Т.З.Кембесбаева

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 09.01 – 14.01.2023 күндері аралығында
«Менің құқығым – менің тандауым!» тақырыбында өтетін құқық апталығының
іс-шара жоспары

| № | Өткізілетін іс-шара мазмұны | Мерзімі | Шара түрі | Жауаптылар |
|---|---|--------------|--|---|
| 1 | Апталықтың ашылуы | 09.01.2023ж. | Апталық | ДТДЖО Психологтар Сынып жетекшілер |
| 2 | «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында | 10.01.2023ж. | Сынып, тәрбие сағаттары | ДТДЖО Сынып жетекшілер |
| 3 | «Менің құқығым – менің тандауым!» тақырыбында газет шығару | 10.01.2023ж. | 7-10 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 4 | «Менің құқығым – менің тандауым!» тақырыбында сурет көрмесі | 10.01.2023ж. | 2-5 сыныптар | Сынып жетекшілер Көркем еңбек пәні мұғалімі Х. Буратай |
| 5 | «Сен өз құқығыңды білесің бе?» | 11.01.2023ж. | Кездесу | ДТДЖО, Ювеналды полиция тобының инспекторлары |
| 6 | «Ата-ана көзімен» түсіндірме жұмыстары | 12.01.2023ж. | Тренинг, түсіндірме жұмыстары, кездесулер т.б. | ДТДЖО Психологтар Сынып жетекшілер |
| 7 | «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында сауалнамалар | 13.01.2023ж. | Сауалнама | ДТДЖО Психологтар Сынып жетекшілер |
| 8 | Қорытынды ақпаратты аудандық білім бөліміне жіберу | 16.01.2023ж. | Ақпарат | ДТДЖО |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  Э. Балабай

Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша ата-аналар жиналысының

Х А Б А Р Л А М А С Ы

Күні: 12 қаңтар 2023 жыл

Тақырыбы: «Ата-ана көзімен» түсіндірме жұмыстары, кездесу

Қатысқаны: Ата-аналар

Мақсаты: Бала құқығы, ата-ана құқығы туралы түсіндіру. Құқық-бұзушылықтың алдын-алу.

Міндеттері:

- Бала құқығы туралы хабар беру.
- Ата-ана құқығы туралы түсіндіру.
- Бопсалау, құқық-бұзушылықтың алдын алу.

Нәтижесінде: ДТГЖО, сынып жетекшілер және психолог «ата-ана көзімен» жиналысын ашып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Психолог тарапынан ата-аналармен тренинг-жаттығу өткізіп, аналардың көңіл-күйін көтерді.



Қорытынды: Жиналысты қорытындылай келе ата-аналар өз құқығы, бала құқығы туралы ақпараттар алды. Жаттығу барысында ата-аналардың көңіл-күйі жақсы болды.

Ұсыныс: Ата-аналар мен оқушылар заң жобасында, өз құқықтары жайлы ақпарат алу.

Педагог-психолог: *А.Жолдыбай*

Бірлік орта мектебі мкм

Тәрбие сағатының тақырыбы:

**«Өз құқығыңды білгенің,
дұрыс өмір сүргенің»
(Балалар жылы)**

8а сынып

Сынып жетекшісі: Буратай. Х.

2022-2023 оқу жылы

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 3 «А» сыныбында
«Құқықтық сана- қауымға пана» тақырыбында өткізілген сынып сағатының
Х А Б А Р Л А М А С Ы

2022-2023 оқу жылының 11-қаңтар күні 3 а сыныбында «Құқықтық сана-қауымға пана» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: Білім алушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдірін толықтыру. Білім алушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түсініктерін қалыптастыру. Өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.

Оқушылар сынып сағатының тақырыбымен және мақсатымен танысты.



Сынып сағатының басында «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрақтарға жауап берді.
«Дауыстап оқық және есте сақтау ойық» айдары бойынша тақтада жазылған құқықтармен танысады.

- Өмір сүруге
- Ата-тегін алуға
- Отбасында тәрбиеленуге
- Жеке бас бостандығына
- Азамматтық алуға
- Білім алуға
- Баспана алуға
- Демалуға
- Денсаулықты сақтауға
- Сөз бостандығына
- Қоғамдық жұмыстарға араласуға.

Сонымен қатар міндеттермен танысты.

«Ойды аяқта.....» әдісі арқылы «ҚҰҚЫҚ» «МІНДЕТ» сөздері туралы өз ойларын ортаға салды.

Сынып сағатының негізгі бөлімінде алдын-ала дайындалған слайд арқылы ҚР Конституциясының адам құқықтары туралы жазылған баптарымен танысты.

Сынып сағатының қорытынды бөлімінде оқушылар «Менің құқықтарым мен міндеттерім» деп аталатын ойын ойнап өз құқықтары мен міндеттерін ажыратты.

Сынып сағатының соңында «Әрқашан күн сөнбесін» әнін үш тілде орындады.

Оқушылардан сабақ соңында «Білім ағашы» әдісі арқылы кері байланыс алынды.

**«Алматы облыстық білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі
2022 - 2023 оқу жылына арналған 09.01 – 14.01.2023 ж күндері аралығында
«Менің құқығым – менің таңдауым!» тақырыбында өткен құқық апталығының**

Анықтамасы

Қаңтар айының 09.01 – 14.01.2023 ж күндері аралығында «Менің құқығым – менің таңдауым!» тақырыбында құқық апталығы ұйымдастырылды.

Апталықтың мақсаты:


Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, білімдерін тереңдету, өз көзқарастарын білдіруге және күнделікті құқығымен қолдануға, дұрыс таңдау жасау дағдысын қалыптастыруға ықпал ету.

Апталықтың ашылуы «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында оқушыларға таныстырылды. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Құқық – әділет пен парасат жолы», «Бала құқығы – адам құқығы», «Біздің құқықтарымыз бен міндеттеріміз» тақырыптарында 1 – 11 сыныптарда танымдық сынып сағаттары өткізілді. Апталық аясында «ЖПК» тобының мүшелері мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырып, «Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері» атты жаднамалар таратты. Педагог – ұйымдастырушы Р. Алмат пен «Өзін – өзі басқару» ұйымының мүшелерінің ұйымдастырумен «Біз ,бәріміз біргеміз» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды. Мектебіміздің «Жігер» дебаттық клубының жетекшісі Алмат Роллан мен мүшелерінің ұйымдастырумен «Жасөспірімдердің қылмыскер болуына кім кінәлі, балалар ма әлде ересектерме?» тақырыбында дебат өткізді. Дебат мүшелері өздерінің міндеттері мен құқықтары бойынша білімдерін ортаға салды. Сондай-ақ, суреттер арқылы жасырылған құқықты анықтап, оның күнделікті сақталуы, орындалуы туралы пікірлерімен бөлісті. Мектебіміздің психологы Жолдыбай А. ата – аналармен «Құқықтық тәрбиені қалыптастыруда отбасының рөлі» тақырыбында тренинг, дәріс сабақтар жүргізді.

Дәріс сабақтың мақсаты: Ата - аналарды Қазақстан мемлекетінің негізгі құқықтарымен, балалар құқығымен таныстырып, балалардың Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып , парасатты тұлға қалыптастыруға , өз құқықтарын терең сезінулеріне ықпал ету. Дәріс сабақта мектеп психологы Жолдыбай А. ата-аналарға бала тәрбиесі, оның ішінде баланы ерте жастан бастап құқығын, міндетін білуге тәрбиелеу туралы айтты. Сонымен қатар ата-аналардың балалары үшін жауапкершілігі туралы түсіндірілді.

5 – 11 сынып оқушылары арасында «Бопсалау», «Зорлық – зомбылықтың» алдын – алу бойынша «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында мектеп психологы сауалнама алып, мониторингтері шығарылды. Өткізілген іс – шаралар мектептің сайты мен әлеуметтік желілерге жарияланды.

«Сен өз құқығыңды білесің бе?» ЖПҚБ ЮПТ УПИ инспекторларымен жоспарланған кездесу күннің суытуына байланысты болмады. Алдағы уақытта жоспарлы түрде жүзеге асырылады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.  Э. Балабай